

№28 «Ақбота» балабақшасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Математика негіздері
Тақырыбы: «Пішіндер әлемі»
«Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиеші: Өміртай Н.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Пішіндер әлемі»

Мақсат-міндеті:

Балаларды геометриялық фигуралар дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерін атай білуге үйрету. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге машықтандыру; қоршаған ортадағы заттардан геометриялық пішіндерді байқауға жаттықтыру; Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін, дамыту, бір-бірімен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Жағымды көңіл-күй, жұмбақ жасыру, ойындар, қорытынды

Көрнекілігі: Геометриялық пішіндер, ойынға қажетті үлестірмелі материалдар,

Барысы:

Тәрбиеші:

-Балалар, көңіл-күйлерің қандай?

-Тамаша!, Керемет!

Тәрбиеші:

-Осындай жақсы көңіл-күймен «Пішіндер әлеміне» қош келдіңдер!

-Балалар, қарайықшы айналамыздан нелерді көріп тұрсындар?

-Пішіндерді көріп тұрмыз.

-Ендеше мына көңілді пішіндердің не айтары бар екен?

-тыңдап көрейікші

(Осы кезде тәрбиеші пішіндерді QR-мен сөйлетеді)

Пішіндер бізге жұмбақтар жасырмақшы екен!

1 -ші пішіннің жұмбағы

-Сәлем балақайлар, менің сендерге қояр жұмбағым:

-Төрт бұрышы бар, төрт қабырғасы бар мен қай пішінмін?

-Дұрыс айтасындар, ол төртбұрыш екен.

2-ші пішіннің жұмбағы

-Сәлем балақайлар, мен сендерге жұмбақ жасырамын

- Допқа өзі ұқсайтын, ерекше бір пішін бар? Атын оның атаңдар?

-Дұрыс айтасындар, допқа ұқсайтын қандай пішін екен?

-Дөңгелек екен.

3-ші пішіннің жұмбағы

-Сәлем достар, менің сендерге қояр жұмбағым, барлық шатыр ұқсайды тек өзіме, бірден білем құлақ асқан сөзіме, үш жағы бар ол қандай пішін?

-Дұрыс айтасындар бұл пішін үшбұрыш екен

4-ші пішіннің жұмбағы

-Мені танысындарма балақайлар? Пішіндердің ішінде ерекше бір пішін бар,

Ұқсатамын мен оны жұмыртқа мен қауынға, айтыңдаршы мен қандай пішінмін?

-Дұрыс айтасындар, бұл сопақша пішін екен.

Тәрбиеші:

-Балалар қарандаршы дөңгелек пішінде бұрыш болама?

-Жоқ болмайды, ол дөңгелек.

-Дұрыс айтасындар, дөңгелекте бұрыш болмайды.

-Ал мынау қандай пішін?

-Бұл төртбұрыш, төртбұрыштың төрт қабырғасы болады, сондықтан оны төртбұрыш дейміз.

-Ал мынау үш жағы бар қандай пішін?

-Бұл үшбұрыш екен.

-Енді балалар **«Қызықты пішіндер»** ойынын ойнаймыз (Жерге жаятын)

Ойын шарты: Өз қалауларыңмен мына жерде тұрған ұнаған пішіндерді алып пішіндерді алып, кілемшедегі пішіндермен сәйкестендіріп жүріп өтеміз, кім қандай пішін алса, сол пішінді жүріп өтеміз.

Тәрбиеші:

-Кімнің қолында қандай пішін бар, енді сол пішіндермен орталықтарға бөлінеміз.

-Төртбұрыш алған балалар, ойын шартын түсіндіріп өтейін

Ойынның аты: «Қай пішінге ұқсайды?»

-Сендер алдарыңдағы берілген пішіндерге ұқсайтын суреттерді қойып шығасындар және не қойғандарыңды атын атап бересіңдер.

-Келесі орталық Үшбұрыш

Ойынның аты «Шебер қолдар» деп аталады.

Ойын шарты: Алдарыңда әр түрлі пішіндер берілген, сол пішіндердің айналасын жіптермен айналдыра тігіп шығамыз. Мына ине бізге қауіпсіз, дегенменде инені ауызға салуға болмайды, тек қолмен жұмыс істейміз.

Келесі орталық Дөңгелек Ойын аты: «Неге ұқсайды?»

-Дөңгелек алған балалар, сендер алдымыздағы түрлі түсті пішіндерден өз қиялдарыңмен бір бейне жасайсындар (Машина, үй т.б)

-Балалар, сендер не құрастырғандарыңды атап бересіңдерме?

Қорытынды:

-Балалар, бүгінгі ойын сендерге ұнадыма?

-Қандай пішіндердің атауын білдіңдер?

-Төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек

-Дұрыс айтасындар, қандай ойын ұнады сендерге?

-Маған пішіндерді тіккен ұнады.

-Маған пішіндерден машина құрастырған ұнады

-Ал маған «Қай пішінге ұқсайды?» ойыны ұнады.

Тәрбиеші:

-Балалар, бүгін сендер ойынды жақсы ойнай білдіңдер

-Мен сендерге ризамын. Сендерге әкелген тәттілерімді қабыл алыңдар.